

## Т. Рысқұлов ауданы бойынша 2026-2030 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын бекіту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2026 жылғы 27 наурыздағы № 50-10 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365 бабы 3 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 15 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 9 тамыздағы № 318 "Қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 23917 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Т.Рысқұлов ауданы бойынша 2026-2030 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*Е. Абуталипов*

Бекітемін

"Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" КММ Басшысы

Аденов М.О.

" " 2025 ж.

*Е. Ж. Жұмабаев*

Тараз 2025 ж.

ӘЗІРЛЕУШІ "Qazaq Ecology" ЖШС

Мазмұны	
Қысқартулар тізімі.....	4
Терминдер мен анықтамалар .....	5
Бағдарлама паспорты .....	6
Кіріспе .....	8
1.Аудандағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдау ....	9
.....	9
1.1.Жағдайдың жалпы сипаттамасы .....	9
1.2.Қолданыстағы коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін бағалау .....	11
1.2.1. Жинақтау және бөлек жинау, әкетумен қамту.....	11

1.2.2. Тасымалдау .....	12
1.2.3. Сұрыптау және қайта өңдеу .....	13
1.2.4. Қалдықтарды көму .....	13
1.3. Қалдықтардың жекелеген түрлерін басқару жүйесін талдау .....	15
1.4. Коммуналдық қалдықтарды басқару бойынша ағымдағы жағдайды талдау бойынша қорытындылар .....	17
1.5. Коммуналдық қалдықтарды басқару секторындағы күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдау .....	18
2. Коммуналдық қалдықтарды басқаруды реттейтін ұлттық заңнама .....	19
2.1. ҚР қалдықтарды басқару саласындағы саясаты .....	19
2.2. Коммуналдық қалдықтарды басқарудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға экологиялық заңнаманың талаптары .....	20
2.2.1. Жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық қалдықтарды басқарудағы құзыреті .....	20
2.2.2. Коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесіндегі басқа субъектілердің талаптары мен міндеттемелері .....	22
3. Қалдықтарды басқару бағдарламасының мақсаттары, міндеттері және нысаналы көрсеткіштері .....	24
3.1. Мақсаты мен міндеттері .....	24
3.2. Нысаналы көрсеткіштер .....	24
4. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар .....	25
4.1. Халықты қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі қызметтермен толық қамтуды қамтамасыз ету үшін коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар .....	25

4.2. Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар .....	28
4.3. Коммуналдық қалдықтарды, оның ішінде ерекше (тамақ, Құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды, электрондық және электр жабдығының қалдықтары (ЭЭЖҚ) және т. б.) қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту жөніндегі шаралар .....	32
4.4. Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар .....	35
4.5. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша халықтың хабардарлығын арттыру және барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын күшейту жөніндегі шаралар .....	35
5. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары .....	36
6. Бағдарламаны іске асыру мониторингі .....	37
7. Қажеттә ресурстар .....	38
8. Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер .....	39
1-қосымша 2026-2030 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаның көрсеткіштерін айқындау әдістемесі .....	40
2-қосымша бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары .....	42

## Қысқартулар тізімі

ЖК	Жеке кәсіпкер
ҰЖ	"Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасы
ІКҚ	Ірі көлемді қалдықтар
ЖЭТ	Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама
КА	қалдықтарды уақытша сақтауға арналған контейнерлік алаң
ЖАО	Жергілікті атқарушы органдар
ХЖТИЖО	"Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
ҚР ЭГТРМ	Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ТҮКШ бөлімі	"Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"
ЭЭЖҚ	Электрондық және электр жабдығының қалдықтары

бағдарлама	Коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы
ҚСҚ	Құрамында сынап бар қалдықтар
ҚТҚ	Қатты тұрмыстық қалдықтар
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТРБ	Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
ЖТ	Жеке тұлғалар
ҚР ЭК	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
ЗТ	Заңды тұлғалар
ҚШҰ	Қоқыс шығаратын ұйым
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар

## ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Биологиялық ыдырайтын қалдықтар – анаэробты немесе аэробты жолмен ыдырауға қабілетті қалдықтар. Оларға бақша және саябақ қалдықтары, сондай-ақтамақ өнеркәсібінің қалдықтарына ұқсас тағам қалдықтары мен макулатура жатады.

Коммуналдық қалдықтар – тұтыну нәтижесінде пайда болатын қалдықтар, олар мыналарды қамтиды:

Тұрмыстық шаруашылықтардан шығатын аралас және бөлек жиналған қалдықтар, оның ішінде қағаз бен картон, шыны, металдар, пластмассалар, органикалық қалдықтар, ағаш, тоқыма бұйымдары, қаптама материалдары, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтар, батареялар мен аккумуляторлар;

Өзге көздерден шығатын аралас және бөлек жиналған қалдықтар, егер олардың сипаты мен құрамы тұрмыстық қалдықтарға ұқсас болса.

Ірі көлемді қалдықтар – тұтыну және шаруашылық қызметі барысында пайда болып, тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан, өлшемдері бойынша мамандандырылған көлік құралдарымен тасымалдауға келмейтін қалдықтар (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.).

Электрлік және электрондық жабдықтардың қалдықтары – пайдалануға жарамсыз немесе қолданудан шыққан электрлік және электрондық жабдықтар, сондай-ақ олардың тораптары, бөлшектері мен құрамдас бөліктері.

Тағам қалдықтары – тамақ өнімдерін өндіру және тұтыну нәтижесінде пайда болатын, тамақ өнеркәсібі қалдықтарына ұқсас қалдықтар.

Құрылыс қалдықтары – ғимараттарды, құрылыстарды, өнеркәсіптік нысандарды, жолдарды, инженерлік және өзге де коммуникацияларды бұзу, бөлшектеу, қайта жаңарту, жөндеу (оның ішінде күрделі жөндеу) немесе салу барысында пайда болатын қалдықтар.

Қатты тұрмыстық қалдықтар – қатты күйдегі коммуналдық қалдықтар.

## БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

--	--

Атауы	Тұрар Рысқұлов ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы
Әзірлеуге негіз	Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI "Экологиялық кодексі"
Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Тұрар Рысқұловауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
Негізгі әзірлеуші	"Qazaq Ecology" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бағдарламаның мақсаты	Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және Тұрар Рысқұлов ауданы тұрғындарына қалдықтарды жинау мен шығару бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру
Бағдарламаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.халықты қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен толық қамтуды қамтамасыз ету мақсатында коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту;</li> <li>2.қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру;</li> <li>3.коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту, оның ішінде арнайы қалдықтар (тағам, құрылыс және ірі көлемді қалдықтар, электрлік және электрондық жабдықтардың қалдықтары жән.б.);</li> <li>4.коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көмуін қамтамасыз ету;</li> <li>5.коммуналдық қалдықтар мен жұмыс істеу мәселелері бойынша халықтың хабардарлығын арттыру және барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын күшейту.</li> </ol>
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсарады;</li> <li>• коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау және қайта өңдеу көлемі ұлғаяды;</li> <li>• коммуналдық қалдықтардың қоршаған ортаға тигізетін тері сәсері барынша азайтылады;</li> <li>• коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы нысаналы көрсеткіштер жақсарады</li> </ul>
Іске асыру кезеңі	2026–2030 жылдар
Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көлемі коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы іс-шараларды қаржыландыру үшін тиісті кезеңде жергілікті атқарушы органдарға бөлінетін бюджет қаражатының көлеміне байланысты айқындалады.
Бағдарламаны іске асырушылар	Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданының әкімдігі; мәслихат; қоғамдық кеңес; коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, қалпына келтіру және көму жөніндегі субъектілер; мемлекеттік

## КІРІСПЕ

Коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы – коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдауды және коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру бойынша нысаналы көрсеткіштерге қолжеткізуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтитын стратегиялық құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ЭК) 365-бабына сәйкес аудандардың, аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлеуді ұйымдастырады. Бағдарлама жергілікті өкілді органдармен бекітіледі.

Осы бағдарламаны әзірлеу барысында аудан аумағындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайына талдау жүргізіліп, саладағы негізгі проблемалар мен даму перспективалары айқындалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар ұсынылды.

Бағдарлама ұлттық стратегиялық, бағдарламалық жәнетұжырымдамалық құжаттардың басымдықтарын, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленді.

Бағдарламаны іске асыру коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы қызметтердің сапасын арттыруға, коммуналдық қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайта өңдеу көлемін ұлғайтуға, олардың қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайтуға, сондай-ақ ауданның коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағыны саналы көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

## 1. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

### 1.1 Жалпы жағдайдың сипаттамасы

Қалдықтар бойынша деректерге шолу

Тұрар Рысқұлов ауданының жалпы аумағы – 908 682 гектар. 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша аудан халқының саны – 67 485 адам.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ЭГТРМ) деректеріне сәйкес, Қазақстанда жыл сайын 4,5–5 млн тонна қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі – ҚТҚ) түзіледі. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару көлемі жылына 3,5–4,0 млн тоннаны құрайды.

ҚР ЭГТРМ деректеріне сәйкес, 2021 жылы республика бойынша халықтың 82%-ы, ал Жамбыл облысында 92%-ы ҚТҚ жинау және шығару қызметтерімен қамтылған.

Ауданда жыл сайын орта есеппен 520 тонна коммуналдық қалдық түзіледі, халықты ҚТҚ шығару қызметтерімен қамту деңгейі – 81%.


Коммуналдық қалдықтардың түзілу көздеріне жеке тұрғын үйлер, көппәтерлі үйлер, кеңсе ғимараттары, коммерциялық кәсіпорындар, бизнес орталықтар, өнеркәсіп кәсіпорындары, қоғамдық ұйымдар, балабақшалар, мектептер, ауруханалар, ауыл шаруашылығы субъектілері, сауда объектілері, базарлар және басқа да қалдық түзілетін орындар жатады.

Қалдықтардың негізгі үлесін тұрмыстық қалдықтар (83,8%) құрайды, өндірістік (тұрмыстыққа теңестірілген) қалдықтар – 15,3%, көшелерден жиналатын қоқыс – 0,8%, базар қалдықтары – 0,1%.

Түзілген коммуналдық қалдықтардың 98%-дан астамы ҚТҚ полигондарында көміледі. Полигондарда көмілуге жіберілетін қалдық көлемі жылсайын артып келеді.

#### Морфологиялық құрамы

ХЖТИЖО зерттеулеріне сәйкес, коммуналдық қалдықтардың негізгі фракциялары – тамақ қалдықтары, макулатура және пластик (1-сурет). Сонымен қатар қалдықтардың 24%-ын тоқыма, ағаш, сүйек, тері, резеңке, бақша және көше қалдықтары, гигиеналық құралдар және өзге де қалдықтардан тұратын "өзге қалдықтар" құрайды.



1-сурет. ҚТҚ морфологиялық құрамы

Қазіргі уақытта ҚТҚ құрамындағы тамақ қалдықтарын қайта өңдеу тәжірибесі мен қуаттары жоқ. Осыған байланысты барлық биоыдырайтын қалдықтар, соның ішінде тамақ қалдықтары, көше сыпырындысы және бақша қалдықтары полигондарға

жіберіледі. Биодырайтын қалдықтардың ыдырауы барысында түзілетін полигон газы, оның ішінде жанғыш метан, полигондарда өрт пен жарылыс қаупін тудырады.

Осылайша, биодырайтын (тамақ) қалдықтарды қайта өңдеу қалдықтарды басқару жүйесін дамытудың өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары мен тарифтері

Тұрар Рысқұлов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 желтоқсандағы №13-5 шешіміне сәйкес коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары, сондай-ақ халық үшін ҚТҚ жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтері бекітілген.

1-кесте. ҚТҚ жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтері

Атауы	Есептік бірлік	Айлық құны, теңге
Абаттандырылған тұрғын үйлердегі жеке тұлғалар үшін	1 тұрғын	160
Абаттандырылмаған тұрғын үйлердегі жеке тұлғалар үшін	1 тұрғын	160
Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін (ҚҚС-сыз)	1 м <sup>3</sup>	1699

Қалдықтардың жиналу нормасы бір адамға жылына 0,66 м<sup>3</sup> құрайды. Көшелердің, алаңдардың, саябақтар мен скверлердің қатты жабыны бар аумақтарынан жиналатын қалдықтардың болжамды нормативі жылына 1 м<sup>2</sup> жабын ауданына 0,01 м<sup>3</sup> көлемінде қабылданады.

1.2 Коммуналдық қалдықтарды басқарудың қолданыстағы жүйесін бағалау

1.2.1 Қалдықтарды жинақтау және бөлек жинау, шығару қызметімен қамту

Қалдықтардың жинақталу нормалары мынадай түрде айқындалады: тұрғын үйлер бойынша – 1 адамға шаққанда, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер (қонақ үйлер, кинотеатрлар және т.б.) бойынша – 1 орынға, дүкендер мен қоймалар бойынша – сауда алаңының 1 м<sup>2</sup>-не. Ұйымдар мен мекемелерде қалдықтардың жинақталу көлемі мен құрамы жасалған шарттар негізінде анықталады.

Жинақталудың есептік жылдық көлемдері негізінде қалдықтарды залалсыздандыру немесе қайта өңдеу объектілерінің қуаты мен өнімділігі айқындалады, ал орташа тәуліктік есептік нормалар бойынша көлік құралдарына қажеттілік және жинау мен қысқа мерзімді сақтауға арналған жабдықтардың қуаты анықталады.

2-кесте. Контейнерлік алаңдар мен контейнерлер туралы ақпарат

Атауы	Тұрар Рысқұловауданы
Контейнерлік алаңдар	–
Контейнерлер саны	129
Оның ішінде пластик ыдыс тарға арналған	–
Люминесцентті шамдарға арналған	–

Нанқалдықтарына арналған	–
Қолданылатын контейнерлердің түрі	көлемі 0,75 м <sup>3</sup> стандартты металл контейнерлер

Ауданда коммуналдық қалдықтарды жинақтау және жинау екі тәсілмен жүзеге асырылады:

Контейнерлік әдісарқылы;

контейнерсіз (тарассыз) әдіс – белгіленген орындарға қойылған пакеттер мен қаптардағы қалдықтарды бекітілген кесте бойынша аумақты аралап жинау арқылы. Контейнерсіз шығару негізінен жеке тұрғын секторында қолданылады.

Ауданда қалдықтарды бөлек жинау жүйесі енгізілмеген. Қалдықтарды уақытша орналастыруға арналған контейнерлік алаңдар (бұдан әрі – КА), сондай-ақ қайталама шикізатты бөлек жинауға арналған контейнерлер мен торлар жоқ.

Контейнерлерден шығарылған барлық коммуналдық қалдықтар ҚТҚ полигонында сұрыптаусыз көміледі, бұл ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес келмейді. Осыған байланысты жақынарада сұрыптау желісін салу және іске қосу қажет.

### 1.2.2 Тасымалдау

Ауданда коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару қызметін "Тазалық" жеке кәсіпкері жүзеге асырады. Күнделікті пайдалануға арналған техника паркі: 1 бірлік КамАЗ, 2 бірлік ЗиЛ, 1 бірлік тиегіш.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес, ҚТҚ жинау және тасымалдау қызметін жүзеге асыратын компаниялар ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қызметтің басталғаны туралы хабарлама беруге міндетті. Хабарлама бермей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

ҚР ЭГТРМ-нің кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде қауіпті емес қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау қызметі бойынша хабарлама берген субъект туралы мәліметтер бар. Хабарлама 2024 жылғы 29 қаңтарда берілген.

Халықтан коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі кәсіпорындар туралы ақпарат

2021 жылдан бастап ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне коммуналдық қалдықтарды жинау қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға тұрғылықты жері бойынша тіркелген азаматтар санын айқындау мақсатында халықты тіркеу жөніндегі деректерге қолжетімділікті қамтамасыз ету жатады. Осыған байланысты ауданда ҚТҚ жинау және шығару қызметін жүзеге асыратын субъектілерге көрсетілген деректерге қолжетімділік беру қажет.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес тұрғын үйлерде тұратын жеке тұлғалар орталықтандырылған жүйені жария шарт негізінде пайдалануға және бекітілген тарифтерге сәйкес төлем жасауға міндетті. Алайда бұл талап толық көлемде орындалмайды. Жеке тұрғын үйлердің тұрғындары жеке шарттар жасасуды жөн көреді. Бұл жағдай тұрғындардың бір бөлігінің жария шарттың бар екендігі туралы хабарсыз болуымен байланысты болуы мүмкін.

Жеке шарттар жасасу қалдықтарды жинау және шығару қызметін көрсететін кәсіпорындар үшін тиімсіз, себебі бұл қосымша шығындарға (қызметкерлер, еңбекақы және т.б.) әкеледі. Осыған байланысты жеке шарттар тәжірибесін қайта қарап, жария шартқа көшу қажет. ЖАО мен қалдықтарды шығару ұйымдары өз сайттарында жария шартты орналастырып, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуі тиіс.

### 1.2.3 Сұрыптау және қайта өңдеу

Қалдықтарды басқару жүйесінің алғашқы кезеңі – оларды түзілу орындарында жинауды ұйымдастыру

Тұрғын аумақтарды ҚТҚ-дан тазарту бірнеше операциялардан тұрады. Негізінен жинаудың екі әдісі қолданылады: біртұтас (унитарлық) және бөлек жинау. Біртұтас жинау кезінде барлық қалдықтар бір контейнерге жиналады, ал бөлек жинау кезінде қалдықтар түрлері бойынша жеке контейнерлерге салынады. Бұл әдіс арнайы көлік құралдарын қажет етеді, алайда қайталама шикізатты, тамақ қалдықтарын жинауға және залалсыздандыруды қажет ететін қалдықтардың көлемін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Алайда, аудан бойынша, ҚР-ның көптеген қалаларындағыдай, негізінен қағаз, картон, пластик және шыны қалдықтары ғана қайта өңделеді.

Ауданда халықтан қайталама шикізатты қабылдау пункттері жоқ.

Бөлек жинау Кулан ауылында орналасқан бір полигонда қолмен жүзеге асырылады. Сұрыптау көлемдері: шыны – 10 тонна, пластик – 15тонна.

Макулатура, пластик және металл ыдыстар жиналып, престеліп, өңірдегі ірі жинаушыларға немесе қайта өңдеушілерге өткізіледі, не басқа өңірлерге жөнелтіледі.

Электрлік және электрондық жабдықтардың қалдықтары (бұдан әрі – ЭЭЖҚ) халықтан жиналмайды. Олар заңды тұлғалардан шарттар негізінде жиналып, мамандандырылған кәсіпорындарға тапсырылады. Бұл кәсіпорындар жабдықтарды әрі қарай кәдеге жарату немесе қайта пайдалану мақсатында қайта өңдейді.

Көбінесе сұрыптау және қайта өңдеу қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар жиналған және өңделген қалдықтар туралы есептілікті ұсынбайды, осыған байланысты статистикалық деректер нақты жағдайды толық көрсетпейді. Осы себепті қалдықтарды жинау және қайта өңдеу саласындағы статистиканы жетілдіру, оның ішінде шағын және орта бизнес өкілдерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

### 1.2.4 Көму

Тұрар Рысқұлов ауданында коммуналдық қалдықтарды басқарудың негізгі тәсілі – оларды ҚТҚ полигондарында көму болып табылады.

Аудан аумағында 21 ҚТҚ полигоны орналасқан, олардың 14-і қолданыста, ал 7 полигонның қызметі 2018 жылғы тамыз айынан бастап Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен тоқтатылған. Бұл

шешім полигондарды жабу, жерді рекультивациялау, қоршаған ортаға әсерін мониторингілеу және жабылғаннан кейінгі ластануды бақылау үшін қажетті жою қорының болмауына байланысты қабылданған.

Полигондарда мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары мен қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар бар. Алайда бірде-бір полигон бойынша жою (рекультивация) жобалары әзірленбеген және жою қоры құрылмаған. ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес жою қоры жоқ полигондарды пайдалануға тыйым салынады.

Контейнерлерден шығарылған коммуналдық қалдықтар полигондарға түсіріледі. Құлан ауылындағы бір полигонды қоспағанда (қағаз, шыны, пластик), қалдықтар сұрыпталмайды, соның салдарынан улы және қауіпті компоненттердің болуына бақылау жүргізілмейді. ҚР Экологиялық кодексінің пластик, шыны сынықтары, құрылыс және тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салу және міндетті сұрыптау талаптары сақталмайды.

ҚТҚ полигондары санитариялық және экологиялық нормаларға сәйкес келмейді, қалдықтар сұрыптаусыз көміледі, бұл қоршаған ортаның қарқынды ластануына және жұқпалы аурулардың таралуына әкеледі. Жаз мезгілінде полигондарда өрт шығу жағдайлары жиі тіркеледі.

#### Пайдаланылып жатқан полигондар

№	Ауылдық округтің атауы	Орналасқанжері	Қалдықтарды шығаратын елдімекендер	Полигон аумағы, га
1	Құлан ауылдық округі	Құланауылы	Құлан, Шонгер, Қаракат, Еңбекші, Көкарық, Луговой	5
2	Қарақыстақ ауылдық округі	Каменка ауылы	Каменка, Жалпақсаз, Тасшолақ	1
3	Ақбұлақ ауылдық округі	Р. Сабденов ауылы	Р. Сабденов, Байтелі, Қызылшаруа	1
4	Қорағаты ауылдық округі	Қорағаты ауылы	Қорағаты, Қорағаты ст., Аққайнар, Тойқұдық, Мамыртөбе	1
5	Жанатұрмыс ауылдық округі	Жанатұрмыс ауылы	Жанатұрмыс, Қазақ	1
6	Көгершін ауылдық округі	Көгершін ауылы	Көгершін	1
7	Ақниет ауылдық округі	Д. Қонаев ауылы	Д. Қонаев, Абылхайыр, Қосапан	1
8	Құмарық ауылдық округі	Құмарық ауылы	Құмарық, Қаракемер, Алғабас	1
9	Тереңөзек ауылдық округі	Тереңөзек ауылы	Тереңөзек, Көкарық, Шолақ-Қайыңды	1

10	Өрнек ауылдық округі	Өрнек ауылы	Өрнек, Сәлімбай, Сұңқайты	1
11	Қайыңды ауылдық округі	Қайыңды ауылы	Қайыңды, Мамай	1
12	Қайыңды ауылдық округі	Сөгеті ауылы	Сөгеті	1
13	Ақыртөбе ауылдық округі	Малдыбай ауылы	Малдыбай	1
14	Өрнек ауылдық округі	Жарлысу ауылы	Жарлысу, Әбжапар	1

### Сот шешімімен қызметі тоқтатылған полигондар

№	Ауылдық округтің атауы	Орналасқан жері	Полигон аумағы, га
1	Луговой ауылдық округі	Луговой ауылы	1
2	Өрнек ауылдық округі	Әбжапар ауылы	1
3	Көкдөнен ауылдық округі	Көкдөнен ауылы	1
4	Тасшолақ ауылдық округі	Тасшолақ ауылы	1
5	Абай ауылдық округі	Еңбекші ауылы	1
6	Жалпақсаз ауылдық округі	Жалпақсаз ауылы	1
7	Алғабас ауылдық округі	Алғабас ауылы	1

Аудан бойынша қалдықтардың түзілу көлемі

2022 жыл – 480,35 тонна;

2023 жыл – 519,91 тонна;

2024 жыл – 559,41 тонна;

2025 жылдың 10 айы – 413,6 тонна.

1.3 Қалдықтардың жекелеген түрлерін басқару жүйесіне талдау

Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктері

Құрамында сынап бар қалдықтар

Т. Рысқұлов ауданында сынап құрамды қалдықтарды (ҚСҚ) жинау және кәдеге жарату үшін арнайы контейнерлер орнатылмаған. ҚСҚ жинау жүйесінің жолға қойылмауы және халықтың экологиялық сауаттылығы мен тәртібінің жеткіліксіздігі салдарынан қауіпті қалдықтардың тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған контейнерлерге түсу фактілері орын алып отыр, бұл экологиялық қауіптерге әкеледі. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қалдықтар санатына өткен материалдар мен өнімдерге, оның ішінде сынап құрамды қалдықтарға қойылатын талаптар қалдықтардың жекелеген түрлерін басқару саласындағы ұлттық стандарттармен айқындалады. Аудан әкімдігі жеке тұлғалардан ҚСҚ жинау жүйесін ұйымдастыруы қажет. Мамандандырылған ұйымды таңдауға, арнайы контейнерлерге қызмет көрсетуге, сондай-ақ сынап құрамды шамдар мен қорек көздерін тасымалдау және өңдеуге байланысты шығындар бюджет қаражаты есебінен жабылуы тиіс.

Мамандандырылған ұйымды анықтау үшін конкурс (тендер) өткізіліп, таңдалған компанияның тиісті лицензиясы және заңнама талаптарына сәйкестігі болуы қажет.

#### Электрлік және электрондық жабдықтардың қалдықтары

Ауданда заңды және жеке тұлғалардан түзілетін электрлік және электрондық жабдықтар қалдықтарын (ЭЭЖҚ) басқару жүйесі жоқ. Жеке тұлғалардан шығатын ЭЭЖҚ, әдетте, тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған контейнерлерге тасталып, кейін полигондарға жеткізіліп, көміледі. Заңды тұлғалар үшін де ЭЭЖҚ жинау жүйесі жолға қойылмаған. Полигон жағдайында ЭЭЖҚ коррозияға және тотығуға ұшырап, құрамындағы ауырметалдар топырақ пен жерасты суларына түседі, сондықтан оларды ТҚҚ полигондарында көмуге тыйым салынған.

ҚР Экологиялық кодексінің 365-бабына сәйкес қауіпті құрамдас бөліктер (ЭЭЖҚ, сынап құрамды қалдықтар, батареялар, аккумуляторлар және өзге де қауіпті компоненттер) бөлек жиналып, мамандандырылған кәсіпорындарға қалпына келтіруге берілуі тиіс.

Ауданда ЭЭЖҚ жинау және өңдеу бойынша есеп жүйесі қалыптаспаған, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық органдарында бұл бағыттағы деректер жоқ.

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдарға халық үшін ЭЭЖҚ жинау және кәдеге жарату жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ заңды тұлғалардың Экологиялық кодекс талаптарын сақтауына бақылауды күшейту қажет.

#### Ірі көлемді қалдықтар

Ауданда ірі көлемді қалдықтар (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.) бөлек жиналмайды, себебі оларды шығару үшін арнайы орындар қарастырылмаған. Нәтижесінде бұл қалдықтар коммуналдық қалдықтармен бірге полигондарға жеткізіледі.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар ірі көлемді қалдықтарды шығару жөніндегі компанияны таңдау және арнайы орындарды белгілеу бойынша конкурс жұмыстарын жүргізуде.

#### Құрылыс қалдықтары

2021 жылдан бастап құрылыс қалдықтарын көмуге тыйым салынған. ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес құрылыс немесе жөндеу жұмыстарын жүргізетін жеке тұлғалар құрылыс қалдықтарын жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған арнайы орындарға өз бетінше шығаруға міндетті. Құрылыс қалдықтарын орналастыру және инфрақұрылымды дамыту бойынша зерттеулер жүргізіліп, қолданыстағы полигондарда 50 м<sup>2</sup> жер телімін бөлу, рұқсат құжаттарын рәсімдеу, қоршау орнату және ұсатқыш қондырғыларды қою ұсынылды. Кейін құрылыс қалдықтары сұрыптаудан соң шикізат ретінде пайдаланылады.

#### Тамақ қалдықтары

Халықтан шығатын тамақ қалдықтары да тұрмыстық қатты қалдықтармен бірге жиналып, полигондарға көміледі. Тамақ қалдықтарын бөлек жинауға арналған контейнерлер жоқ. 2021 жылдан бастап тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салынған.

Осыған байланысты биоыдырайтын коммуналдық қалдықтарды, оның ішінде компосттау арқылы қайта өңдеуді дамыту және тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салу талаптарының орындалуын бақылауды күшейту қажет.

1.3 Коммуналдық қалдықтарды басқарудың қазіргі жағдайына талдау бойынша қорытындылар

Жүргізілген талдау нәтижесінде ауданда халықтың коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару қызметімен қамтылғаны анықталды. Алайда қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау, қайта өңдеу және көму процестері түбегейлі шаралар қабылдауды және жүйені жетілдіруді талап етеді.

Бағдарлама шеңберінде келесі негізгі мәселелерді шешу қажет:

1. Қалдықтарды уақытша сақтауға арналған контейнерлік алаңдардың болмауы;
2. Қайта өңделетін қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлердің жетіспеуі ;
3. Қауіпті қалдықтарды (ҚСҚ, ЭЭЖҚ, медициналық және т.б.) жинау жүйесінің болмауы;
4. Биоыдырайтын (тамақ) қалдықтарды бөлек жинаудың жоқтығы;
5. Ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинау мен тасымалдау жүйесінің болмауы;
6. Халықтың қалдықтарды басқару саласындағы ақпараттандырылуы мен мәдениетінің төмендігі;
7. Полигондарда өрттердің жиі орын алуы;
8. Қалдықтарды жинау және шығару тарифтерінің төмен жиналуы;
9. Техниканың және жабдықтардың ескіруі;
10. Жұмыс істеп тұрған сұрыптау желілерінің болмауы;
11. Қалдықтарды сұрыптаусыз көму;
12. Қайта өңдеу үлесінің төмендігі (0,6%), қалдықтардың 99%-ының полигондарға жіберілуі;
13. Құрылыс және тамақ қалдықтарын қайта өңдеудің болмауы;
14. ТҚҚ-ны терең өңдеуге арналған қуаттардың жоқтығы;
15. Атмосферағашығарындылардың қоршаған орта мен халық денсаулығына кері әсері;
16. Полигонда сүзінді газды жинау және кәдеге жарату технологияларының болмауы;
17. Полигондардың экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келмеуі;
18. Жеке тұлғалардан төлемдердің төмен жиналуы салдарынан қалдық шығаратын ұйымдардың дебиторлық берешегінің ұлғаюы.

1.5 Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қатерлерді талдау

Коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесіне объективті талдау жүргізу үшін оның күшті және әлсіз тұстарын, сондай-ақ қолда бар мүмкіндіктер мен ықтимал қатерлерді нақты айқындау қажет.

Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қатерлерді талдау

Күшті жақтар

Халықтың тұрмыстық қаттықалдықтарды (ТҚҚ) шығару қызметтерімен қамтылу деңгейінің жеткіліктілігі.

Әлсіз жақтар

ТҚҚ жинау, тасымалдау, қайта өңдеу және көмуге арналған тарифтердің төмендігі;  
Тарифтер бойынша абоненттік берешектің болуы;

Биоыдырайтын (тамақ) қалдықтарды, ірі көлемді қалдықтарды (ІКҚ), құрылыс қалдықтарын және электрлік-электрондық жабдықтар қалдықтарын (ЭЭЖҚ) бөлек жинау жүйесінің болмауы;

Қалдықтарды қайта өңдеу үлесінің төмендігі;

Қалдықтарды сұрыптаусыз көму тәжірибесінің сақталуы;

Полигондарда өрттердің жиі орын алуы;

Халықтың қалдықтарды басқару саласындағы хабардарлығы мен экологиялық мәдениетінің төмен деңгейі.

Мүмкіндіктер

Бизнестің ТҚҚ жинау және қайта өңдеу жүйесін дамытуға мүдделілігі;

Тамақ қалдықтарын компосттауға, құрылыс қалдықтарын қайта өңдеуге арналған заманауи технологиялар мен қондырғылардың кеңспектрінің болуы;

Биоыдырайтын (тамақ) және құрылыс қалдықтарын бөлек жинауды енгізу және оларды қайта өңдеу бизнесін дамыту тұрғысынан жоғары әлеуеттің болуы;

Халықтың қалдықтарды бөлек жинауға дайын болуы.

Қатерлер

Жергілікті атқарушы органдар қызметінің Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес келмеуі;

Полигондардың экологиялық және санитарлық нормаларға сай болмауы;

Атмосфераға шығарылатын зиянды шығарындылардың қоршаған ортаға және аудан тұрғындарына;  
;

Қалдықтарды басқару жүйесіне қатысты халықтың қанағаттанбаушылығы мен наразылығы;

Жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарының орындалмауы;

Жергілікті атқарушы органдар қызметі тиімділігінің жыл сайынғы бағалау көрсеткіштері несе

## 2. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫ РЕТТЕЙТІН ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

2.1 Қазақстан Республикасындағы қалдықтарды басқару саласындағы саясат

Қазақстан Республикасындағы қалдықтарды басқару саласындағы саясат Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшу тұжырымдамасымен (2013 жыл) және "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасымен (2021 жыл) айқындалады.

Аталған стратегиялық құжаттар халықты қалдықтарды шығару қызметімен толық қамтуды, қалдықтарды бөлек жинауды енгізуді, қалдықтарды кәдеге жарату мен қайта өңдеу үлесін арттыруды және, тиісінше, полигондарда көметін қалдықтар көлемін азайтуды көздейді (7-кесте).

3-кесте. Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшу тұжырымдамасы мен "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасының мақсаттары мен нысаналы көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	2021	2022	2023	2024	2025	2030	2050	Дереккөз
Халықты тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару қызметімен қамту						100%		ЖЭТ
Қалдықтарды санитарлық талаптарға сай сақтау						95%		ЖЭТ
Қайта өңделген қалдықтардың үлесі				40%	50%			ЖЭТ
Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларын, Павлодар және Қызылорда облыстарының бөлек жинаумен қамту: –	40,0 50,0	50,0 55,0	60,0 60,0	70,0 70,0				ҰЖ

фракциялар бойынша – қауіпті қалдықтардың жекелеген түрлері ( медициналық, сынап құрамды, ЭЭЖҚ)					80,0	80,0												
Қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі: Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды облыстарының, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері бойынша: – ТҚҚ (түзілукөлемінен) – өнеркәсіп қалдықтары – агроөнеркәсіп кешені қалдықтары – қауіпті медициналық қалдықтар	21,0 2,0	38,0 100,0	24,0 5,0	40,0 100,0	27,0 5,0	42,0 100,0	30,0 7,0	44,0 100,0	34,0 10,0	46,0 100,0								ҰЖ

Осыған ұқсас көрсеткіштерді Қазақстан Республикасының басқа өңірлері деңгейінде белгілеу аудан бойынша қалдықтарды басқару жүйесін дамытуға оң әсерін тигізеді. Аталған Бағдарламаның 3-бөлімінде Т. Рысқұлов ауданы үшін нысаналы көрсеткіштер ұсынылған.

2.2 Коммуналдық қалдықтарды басқарудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға қойылатын экологиялық заңнама талаптары

2.2.1 Коммуналдық қалдықтарды басқарудағы жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Коммуналдық қалдықтарға қойылатын негізгі талаптар Қазақстан Республикасының 2021 жылы қабылданған Экологиялық кодексінде, Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларында, қалдықтарды, оның ішінде міндетті түрде бөлек жиналуға жататын қалдықтардың түрлері немесе топтары бойынша талаптарда, сондай-ақ Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің абаттандыру қағидаларында белгіленген.

Экологиялық заңнамаға сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың негізгі бағыттары мен өкілеттіктері айқындалған (4-кесте).

4-кесте. Экологиялық заңнамада белгіленген жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Негізгі бағыттар	Экологиялық заңнамаға сәйкес құзыреттер мен талаптар
Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы құжаттар мен нормаларды әзірлеу және бекіту	коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеуді ұйымдастыру; коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын әзірлеу; коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту; қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көмуге арналған тарифтерді әзірлеу; тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму жұмыстарын жүзеге асыратын субъектілер арасында тарифті бөлу тәртібін айқындау.
Коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	қалдықтарды бөлек жинауды көздейтін ұтымды әрі экологиялық қауіпсіз жүйені ұйымдастыру; қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қалпына келтіру және жоюмен айналысатын кәсіпкерлік субъектілері үшін қажетті инфрақұрылымды құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету; конкурс (тендер) өткізу арқылы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі мамандандырылған ұйымды айқындау; қалдықтарды басқару объектілерін орналастыру үшін жер учаскелерін бөлу, олардың шекараларын ресімдеуді қамтамасыз ету; контейнерлік алаңдар мен екінші реттік шикізатты қабылдау пункттерінің орналасуын айқындау, оларды бірыңғай үлгіде салу немесе қайта жаңғырту жұмыстарын ұйымдастыру;

	<p>бөлек жинауға арналған контейнерлердің қажетті санын орнатуды ұйымдастыру;</p> <p>жеке тұлғалардан түзілетін құрылыс қалдықтары мен ірі көлемді қалдықтар үшін арнайы орындарды ұйымдастыру;</p> <p>бөлек жиналған қалдықтарды тасымалдауды ұйымдастыру;</p> <p>коммуналдық қалдықтарды көму объектілерінің құрылысын қамтамасыз ету;</p> <p>коммуналдық қалдықтарды басқару кезінде қоршаған ортаның сапасына қойылатын нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз ету;</p> <p>қалдықтарды басқарумен айналысатын ұйымдарға халықты тіркеу деректеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету.</p>
Коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесінің жұмысын мониторингтеу	Экологиялық кодекс пен Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес қалдықтармен жұмыс істеуді бақылау.
Халықпен жұмыс және қалдықтарды басқару саласын ынталандыру	<p>халықты тұрмыстық қатты қалдықтарды ұтымды жинау, кәдеге жарату және қайта өңдеу, оның ішінде бөлек жинау туралы ақпараттандыру;</p> <p>органикалық коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды және оларды қалпына келтіруді, оның ішінде компосттау арқылы ынталандыру;</p> <p>биоыдырайтын қалдықтарды көму көлемін қысқарту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, соның ішінде оларды компосттау, кәдеге жарату, биогаз және энергия өндіру мақсатында өңдеу.</p>

Приказ и.о. МЭГиПР РК от 28 декабря 2021 года № 508

2.2.2 Коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесіндегі өзге субъектілердің талаптары мен міндеттемелері

Қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі ұйымдарға (ҚШҰ) қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне қызмет басталғаны туралы хабарлама беру;

2. Арнайы жабдықталған көлік құралдарын пайдалану;

3. Көлік құралдарын спутниктік навигация жүйелерімен жабдықтау;

4. Қалдық иелерімен (орталықтандырылған жүйе жағдайында халықпен) жария шарттар жасасу;

5. Қалдықтарды қайта өңдеу немесе көму қызметін көрсететін кәсіпкерлік субъектілерімен шарттар жасасу;

6. Бөлек жиналған қалдықтар үшін жеке шығару кестесін белгілеу;

7. Пайдалануға жарамсыз контейнерлерді жөндеу және ауыстыру, контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды жуу және дезинфекциялау шараларын қамтамасыз ету;

8. Контейнерлерді босату кезінде төгілген қалдықтарды жинау.

Халық пен заңды тұлғалардың міндеттері

1. Орталықтандырылған қалдық жинау жүйесін жария шарт негізінде пайдалану;
2. Қалдықтарды белгіленген жағдайларға сәйкес түрлері немесе топтары бойынша бөлу;
3. Құрылыс қалдықтары мен ірі көлемді қалдықтарды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған арнайы орындарға өз бетінше шығару;
4. Тұрғын үйлерде немесе жеке ғимараттарда қызмет атқаратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің ЖАО айқындаған аумаққа қызмет көрсететін, конкурс жеңімпазы болып табылатын ұйымдармен шарт жасасу міндеті;
5. Орталықтандырылған жүйеге кірмейтін жеке ғимараттарда қызмет атқаратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің уәкілетті органда тіркелген қалдық шығару ұйымдарымен шарт жасасу міндеті;
6. ТҚҚ-ны өз бетінше шығаратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің қалдықтарды қайта өңдеу немесе көму қызметін көрсететін ұйымдармен шарттарының болуы.

Пәтер иелері кооперативтері мен басқарушы компанияларға қойылатын талаптар

1. Контейнерлік алаңдарды, ірі көлемді қалдықтарға арналған алаңдарды және оларға іргелес аумақтарды тиісті күйде ұстау;
2. Қыс мезгілінде контейнерлерге апаратын жолдар мен кіреберістерді қар мен мұздан тазалау.

Қалдықтарды көму полигондарына қойылатын талаптар

1. Пластик, макулатура, картон және қағаз қалдықтарын, сынап құрамды қалдықтарды, шыны ыдыстар мен шыны сынықтарын, ЭЭЖҚ, литий және қорғасын-қышқылды батареяларды, құрылыс, медициналық, тамақ және сұйық қалдықтарды, сондай-ақ қабылдау талаптарына сәйкес келмейтін қалдықтарды көмуге тыйым салу;
2. Қалдықтарды алдын ала сұрыптаусыз көмуге тыйым салу;
3. Полигонға жеткізілетін қалдықтардың көлемі мен қауіптілік деңгейін азайту шараларын қамтамасыз ету;
4. Қалдықтарды белгіленген орындардан тыс жерлерде жинауға және орналастыруға тыйым салу;
5. Қабылдау талаптарын сақтау мақсатында қалдықтарды араластыруға тыйым салу;
6. Полигон операторларының биоыдырайтын қалдықтарды көму көлемін қысқарту және сүзінді газды жинау мен кәдеге жарату жүйелерін орнату арқылы метан шығарындыларын азайту шараларын қабылдауы;
7. Полигондарда сүзінді мен сүзіндігазды жинау және бұру жүйелерінің, сондай-ақ газ шығарындыларын бақылау жүйелерінің болуы;
8. Депонирленген қалдықтардан түзілетін сүзінді мен ағынды суларды бақылау жүйесінің болуы;

9. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі талаптары орындалмайтын тұрмыстық қаттықалдықтар полигондарын пайдалануға тыйым салу.

### 3. ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

#### 3.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты – Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес аудан аумағында коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және халыққа көрсетілетін қалдықтарды жинау мен шығару қызметтерінің сапасын арттыру.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1. Халықты қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен толық қамтуды қамтамасыз ету мақсатында коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту;

2. Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру;

3. Коммуналдық қалдықтарды, оның ішінде ерекше санаттағы (тамақ, құрылыс, ірі көлемді қалдықтар, электрлік және электрондық жабдықтар қалдықтары және т.б.) қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту;

4. Коммуналдық қалдықтарды экологиялық қауіпсіз көмуін қамтамасыз ету;

5. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша халықтың экологиялық мәдениеті мен ақпараттандырылу деңгейін арттыру, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын күшейту.

#### 3.2 Нысаналы көрсеткіштер

Осы бағдарлама шеңберінде аудан аумағында коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған нысаналы көрсеткіштер белгіленді (5-кесте). Бағдарлама көрсеткіштерін мониторингтеу кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында 1-қосымшада осы Бағдарламада белгіленген көрсеткіштерді айқындау әдістемесі келтірілген.

5-кесте. 2026–2030 жылдарға арналған халықты қалдықтарды жинау және шығару, қайта өңдеу және көму жүйесін жетілдіру бойынша нысаналы көрсеткіштер

№	Нысаналы көрсеткіште р	Ағымдағы жағдай (2025)	2026	2027	2028	2029	2030
1	Аудан халқын тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚК) жинау және шығару қызметімен	81 %	90 %	100 %	100 %		100 %

	қамту деңгейі					100 %	
2	Бөлек жинау мен қамту: – құрғақ және ылғалды фракциялар бойынша – қауіпті қалдықтардың жекелеген түрлері ( медициналық, сынап құрамды, электрондық және тұрмыстық техника)	0 %	50 % 30 %	60 % 40 %	80 % 60 %	80 % 80 %	100 % 100 %
3	ТҚҚ қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі ( түзілу көлемінен)	0,6 %	2 %	8 %	10 %	16 %	25 %
4	Т Қ Қ полигонының экологиялық талаптарға сәйкестік деңгейі	20 %	40 %	60 %	80 %	100 %	100 %
5	Халықтың экологиялық өмір сүру сапасына қанағаттану деңгейі	40,5 %	55,3 %	61,5 %	73,8 %	86,1 %	86,1 %

#### 4. БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТҚА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСТЫ ШАРАЛАР

4.1. Қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін дамытудың шаралары, халықты қызметпен толық қамту мақсатында

Қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту үшін келесі шаралар жүзеге асырылуы қажет:

Халықты қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен толық қамту;

Ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасау және конкурстарды ашық негізде өткізу;

Экономикалық негізделген тарифтерді бекіту;

Тарифтердің жинақталуын арттыру;

Контейнерлік алаңдарды орнату, жаңа контейнерлерді қалдық көлемі мен түріне сәйкес орналастыру, қоқыс жинау көліктері мен қажетті техниканы жаңарту.

Халықты қызметпен толық қамту

Қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметтері тек физикалық емес, заңды тұлғаларды да қамтуы керек. Жеке және көп қабатты үйлерде немесе жеке ғимараттарда (егер контейнер жоқ болса) қызмет көрсету келісім-шарттарын жасасу мақсатында заңды тұлғалар мен ақпараттық жұмыстар жүргізілуі қажет.

Ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасау және конкурстар өткізу ТҚҚ жинау және тасымалдау қызметтерінің сапасын арттыру үшін коммуналдық қалдықтарды басқару бойынша ұзақ мерзімді келісім-шарттар бәсекелестік негізде жасалуы қажет. Нарық қатысушыларына нықтау мақсатында конкурс (тендер) өткізген кезде, ЖАО ҚШҰ-ларға қойылатын талаптарды ҚР Экологиялық кодексі мен Қалдықтарды басқару ережелеріне сәйкес белгілейді. ТҚҚ жинау және тасымалдау мен тек арнайы кәсіпорындар айналысуы керек, олардың қызметі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сай болуы шарт. ҚШҰ таңдау кезінде негізгі талаптардың бірі – компанияның ТҚҚ жинау және шығару қызметі бойынша ҚР ЭГТРМ тізілімінде тіркелген болуы, яғни қызметті бастау туралы хабарлама берген болуы. Қауіпсіз қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау мен айналысатын кәсіпкерлік субъектілері ҚР ЭГТРМ қызметті бастау туралы хабарлама беруі тиіс, ҚР "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" заңыталаптарына сәйкес. Хабарламалық тәртіпке сәйкес келмейтін ҚШҰ конкурсқа қатыса алмайды және ТҚҚ жинау мен тасымалдау қызметтерін көрсете алмайды, себебі ҚР ЭГТРМ хабарламасынсыз қауіпсіз қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау қызметі тыйым салынған.

Егер компания сондай-ақ қауіпті қалдықтармен айналысса, онда лицензиясы болуы міндетті.

Экономикалық негізделген тарифтерді бекіту Орнатылатын тарифтер арнайы ұйымдардың қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және орналастыру шығындарын қазіргі жағдай мен инфляциялық процестерді ескере отырып өтеуге тиіс. Тарифтерді уақтылы қайта қарау, индекстеу және экономикалық тұрғыдан негізделген тарифтерді бекіту арнайы ұйымдардың қалдықтарды жинау және шығару қызметінің сапалы жұмысын қамтамасыз етеді, бұл ауданның экологиялық жағдайына және тұрғындардың денсаулығына оң ықпалын тигізеді.

ТҚҚ жинау, шығару, қайта өңдеу және орналастыру қызметтері үшін тарифтердің толық төленуін қамтамасыз ету және тұрғындардың уақытында төлеуін ұйымдастыру.

Осы мақсатта ЖАО мен арнайы ұйымдардың тұрғындардың тіркелу деректеріне қолжеткізу жөніндегі өзара әрекеттестігі күшейтілуі қажет. Тұрғындарды тұрақты немесе уақытша тұру орны бойынша тіркеу кезінде жаңа тіркеу мекенжайы туралы

ақпарат ІМ ақпараттық жүйесінен "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасына (әкімшісі – ҚР ӘМ) нақты уақыт режимінде жіберіледі. Бұл база – эталондық деректерқоры болып саналады және оған ҚР барлық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктер) қол жеткізе алады.

Осы интеграция шеңберінде ЖАОҚШҰ-ға мекенжай бойынша тіркелген азаматтар саны туралы ақпаратты жеке деректерді бермей (анонимді түрде) ұсынады, бұл ТҚҚ жинау, шығару, қайта өңдеу және орналастыру бойынша төлемдерді дұрыс есептеуге мүмкіндік береді.

ТҚҚ жинау және тасымалдау жүйесін санитарлық нормаларға сәйкес контейнерлік алаңдарды ұйымдастыру, контейнерлерді ауыстыру және жаңа контейнерлерді жиналатын қоқыс көлемі мен сипатына қарай орнату арқылы жетілдіру.

Қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесі құрылыс типіне байланысты келесідей ұйымдастырылады:

Көп қабатты тұрғын үй аудандарында:

Тұрғын аудандарда контейнерлік алаңдар орнату;

Стандартты контейнерлерді орналастыру;

Қоқысты шығару үшін қысу жүйесі бар қоқыс көліктерін пайдалану, бұл жиналатын қалдықтардың тығыздығын арттыруға мүмкіндік береді.

Жеке үйлер орналасқан аудандарда:

Жеке контейнерлер орнату;

Қоқысты шығару үшін көлемі үлкен және жоғары қысу қабілеті бар қоқыс көліктерін пайдалану.

Санитарлық нормаларға сәйкес контейнерлік алаңдарды ұйымдастыру үшін келесі шаралар қабылданады:

Ұйшаруашылықтары, ұйымдар, мәдени-бұқаралық мекемелер мен демалыс аймақтарында қоқыс жинау контейнерлері үшін арнайы алаңдар бөлінеді, көлік жүретін жолдар мен қамтамасыз етіледі. Алаң қатты жабындыдан жасалып, үш жағынан қоршалады, қоршаудың биіктігі қалдықтардың желмен таралуын болдырмауы тиіс, кемінде 1,5 м.

Контейнерлік алаң тұрғын үйлерден, қоғамдық ғимараттардан, балалар объектілерінен, спорт алаңдарынан және демалыс орындарынан кемінде 25 м қашықтықта орналасуы тиіс. Қалыптасқан құрылыс аудандарында санитарлық талаптарды сақтау мүмкін болмаған жағдайда, қашықтық комиссия арқылы ЖАО, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімдері, нысан иелері және басқа мүдделі тұлғалардың қатысуымен анықталады.

Қалдықтарды шығару кестеге сәйкес жүргізіледі. Қалдықтарды тасымалдау шығындарын азайту үшін шығару жиілігі санитарлық және экологиялық талаптарға сай минималды деңгейде белгіленеді.

Шығару жиілігін анықтауда қалдықтардың көлемі, морфологиялық құрамы, қолданылатын контейнерлердің түрі мен саны ескеріледі. Әрбір қалдық категориясы ( фракциясы, түрі) үшін бөлек жинау кезінде өзіне тән шығару мерзімі анықталады.

Контейнердегі қалдықтарды сақтау мерзімі:

0°С және төмен температурада – үш күннен аспайды;

Жоғары температурада – бір күннен аспайды.

Контейнерлерді ауыстыру және жаңаларын орнату қалдықтардың көлемі, сипаты және сақтау мерзіміне байланысты жүргізіледі. Жаңарту кезінде заманауи еуроконтейнерлерді сатыпалу жоспарланған.

Пластик, қағаз және картон қалдықтары барлық көлік түрлерімен тасымалданады. Шыны ыдыстарды тасымалдау кезіндегі арнайы сақтық шаралары олардың зақымдануын болдырмауға бағытталған. Шыны қалдықтарды тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде механикалық әсерден қорғау шаралары қабылданады.

Контейнерлер паркін толықтыру қажет. Сонымен қатар, ҚШҰ қолданатын қоқыс көліктерін толықтыру/жаңарту қажет. Қоқыс көліктерінің паркін жаңарту ҚШҰ қаражаты және жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылады.

#### 4.2. Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру бойынша шаралар

Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру үшін келесі шаралар қабылдануы қажет:

барлық контейнерлік алаңдарда қалдықтарды уақытша сақтау үшін контейнерлік алаңдар мен құрғақ ТҚҚ фракциясын бөлек жинау контейнерлерін орнатуды қамтамасыз ету және қайта өңделетін қалдықтарды бөлек шығару;

қауіпті құрамдастарды жинау және қалпына келтіру жүйесін ұйымдастыру;

тұрғындардан шығатын ІКҚ және құрылыс қалдықтарын тасымалдау үшін арнайы орындар ұйымдастыру және арнайы компанияны анықтау.

Құрғақ ТҚҚ фракциясын бөлек жинау контейнерлерін орнату және қайта өңделетін қалдықтарды бөлек шығару:

Қалдықтарды бөлек жинау талаптарына сәйкес (ҚР ЭГТРМөкімі, 2021 жылғы 2 желтоқсан №482, 8-бап), ЖАО келесілерді қамтамасыз етеді:

Контейнерлік алаңдарда бөлек жинау үшін қажетті контейнерлер санын орнату ( кемінде 2 контейнер), бұл тұрғындар саны, қалдықтардың жиналу нормалары, сақтау мерзімдері және басқа қажетті факторларға байланысты анықталады.

Контейнерлік алаңдарда қалдықтар кем дегенде құрғақ және сулы фракцияларға бөлінуі тиіс.

Құрғақ фракцияға қағаз, картон, металл, пластик және шыны кіреді.

Сулы фракцияға тағамдық қалдықтар, органикалық қалдықтар, аралас қалдықтар және тұрмыстық қалдықтарға ұқсас сипаттағы басқа қалдықтар кіреді.

Пластик, қағаз және шыныны бөлек жинау жүйесін енгізу үшін барлық контейнерлік алаңдарға құрғақ фракцияға арналған контейнерлер орнатылады.

Әрбір қалдықты бөлек жинау контейнері қазақ және орыс тілдерінде белгіленеді (маркировка):

Жиналатын қалдық түрі (фракциясы) туралы ақпараттық жапсырма/белгі;

Контейнер иесі туралы мәліметтер (атауы, телефон);

Контейнерге қызмет көрсететін ұйым.

Түстік контейнерлерге маркировка қолданылған жағдайда, ол контрастты түспен орындалады.

Контейнерлер саны аралаң үшін қалдықтың көлемі мен жинау нәтижелеріне, сондай-ақ тұратын адамдар санына байланысты жеке есептеледі.

Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін дамыту кезінде, бөлек жинақталған қалдықтардың кейінгі барлық басқару кезеңдерінде араластырылмауын қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, әрбір қалдық категориясы (фракциясы, түрі) үшін өз шығару мерзімі анықталуы тиіс.

Қайта өңделетін қалдықтарды бөлек шығару талаптары ҚШҰ жасалатын келісім шарттарға енгізіледі.

Қауіпті құрамдастарды бөлек жинау және қалпына келтіру жүйесін ұйымдастыру

Қауіпті құрамдастарды бөлек жинау және қалпына келтіру жүйесі қауіпті қалдықтарды (ҚСҚ, ЭЭҚҚ, химиялық қуат көздері, аккумуляторлар) тұрғындардан бөлек жинау, тасымалдау және қайта өңдеуді қамтамасыз ететін мердігер ұйымды іріктеу конкурсына (тендерге) негізделеді.

Қазіргі уақытта аудан бойынша қауіпті құрамдастарды (ЭЭҚҚ, химиялық қуат көздері, аккумуляторлар) тұрғындардан жинау жүйесі жолға қойылмаған, тек ҚСҚ бір бөлігін ғана жинау жүзеге асырылуда.

Бұл қалдықтар жалпы ТҚҚ ағынына түсіп, полигондарға барып, топырақ, су және ауаны токсиндермен, ауырметалдармен және тұрақты органикалық ластаушылармен ластайды, бұл өз кезегінде адам денсаулығына және қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіреді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабының 6-тармағына сәйкес қауіпті құрамдастар бөлек жинақталып, қалпына келтіру үшін арнайы кәсіпорындарға берілуі тиіс.

Экологиялық заңнаманың талаптарын орындау үшін ЖАО тұрғындардан қауіпті құрамдастарды жинау жүйесін экологиялық заңнама және ұлттық стандарттарға сәйкес ұйымдастыру қажет. Бұл қызметтерді көрсету үшін мердігер ұйымды анықтау конкурсын (тендерді) өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Құрамында сынабы бар қалдықтар

Тұрғындардан ҚСҚ жинау жүйесін ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасы стандарттарының (СТ РК 1513 "Ресурсты үнемдеу. Қалдықтар мен

барлық технологиялық цикл кезеңінде жұмыс істеу. ҚСҚ классификациясы және қайта өңдеу әдістері. Негізгі ережелер") талаптарына сәйкес ЖАО мына жұмыстарды жүзеге асырады:

Тұрғындардан жинақталған ҚСҚ үшін арнайы универсалды контейнерлерді орнату және қызмет көрсетуін бақылау;

Кондоминиум нысандарының басқару органдарын бақылау және ұйымдастыру, олар контейнерлердің сақталуын қамтамасызетуге, контейнерге қызмет көрсететін арнайы кәсіпорынмен өзара әрекет жасауға, контейнерлерге еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге, тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, контейнерлерге бөгде заттар мен жарнамалық материалдардың салынуына жол бермеуге міндетті;

Тұрғындарда қолданылған ртуть құрамды энергия үнемдейтін шамдарды демеркуризациялау арқылы қайта өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін арнайы кәсіпорындардың қызметін сатып алуға қаражат бөлу; сонымен қатар ҚСҚ контейнерлерін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстарын жүргізу.

ЖАО арнайы кәсіпорындардың қызметін сатып алуды (демеркуризация бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру және ҚСҚ контейнерлерін жөндеу/ауыстыру) конкурстық тәртіппен (тендер арқылы) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңның 4-тарауына және коммуналдық қалдықтарды басқару ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Электрондық және электрлік жабдықтарды басқару

Қазақстан Республикасының стандарттарына (СТ РК 3753-2021 "Ресурсты үнемдеу. Ртут тұйық құрылғылар мен аспаптардан басқа электротехникалық жән электрондық жабдықтар қалдықтары мен өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде жұмыс істеу. Қауіпсіздік талаптары") сәйкес ЖАО тұрғындардың қалдықтарды ЭЭЖҚ өндірушілеріне немесе қауіпті қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне тапсыруына мүмкіндік беретін инфрақұрылымды құруға жәрдемдесуі тиіс. Бұл ретте халықтығыздығын ескере отырып, ЭЭЖҚ жинау, жинақтау және қайта өңдеу нысандарын орналастыру үшін жер учаскелерін бөлу қажет, оның ішінде контейнерлік алаңдар мен стационарлық қабылдау пункттері.

ЖАО электрлік және электрондық жабдықтарды жөндеу, қалпына келтіру, сондай-ақ қалдықтарды бөлек жинау жән екайта өңдеу жүйесін ұйымдастыруы тиіс, соның ішінде жылжымалы қабылдау пункттерін құру арқылы.

Халықарасында ЭЭЖҚ бөлек жинау үлесін арттыру мақсатында ЖАО ақпараттық науқандар, конкурстар, дәрістер өткізу сияқты іс-шараларды жүзеге асыруы қажет.

Қауіпті құрамдастарды жинау жүйесін ұйымдастыру бойынша шаралар:

Батареялар, ртут тұйықшамдар, электрондық және электрлік жабдық сияқты қауіпті тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін стационарлық немесе жылжымалы пункттер құру ;

Халықты ұйымдастырылған қабылдау пункттері және қауіпсіз қалдықтармен жұмыс істеу жолдары туралы хабард арету;

Жинау және жою шығындарының бір бөлігін жабу мақсатында кеңейтілген өндірушінің жауапкершілігі операторы ретінде қызмет атқаратын АО "Жасыл Даму" ұйымымен ынтымақтастықты нығайту.

Қауіпті қалдықтар үшін стационарлық қабылдау пункттері қарастырылады, олар батареялар, құрамында сынабы бар шамдар, электрондық және электрлік жабдықтарды қабылдайды. Пункттер сауда орындары, дүкен бөлімдері немесе тауар сататын нүктелерде ұйымдастырылуы мүмкін. Батареялар мен құрамында сынабы бар шамдарды қабылдау тұрғын үй серіктестіктерінің аумағында да ұйымдастырылуы мүмкін.

Стационарлық пункттердің орналасу орны мен саны халыққа қолжетімділік пен ыңғайлылықты ескере отырып анықталады. Құрамында сынабы бар шамдарды қабылдау пункттері жеке кіреберіс арқылы жабдықталып, бөгде адамдарға қолжетімсіз болуға тиіс; оларда арнайы контейнерле ржеткілікті мөлшерде болуы керек және қажетті құжаттар мен рұқсаттарға ие болуы қажет.

ЭЭЖҚ бөлек жинау және қабылдау пункттерін құру арқылы қалдықтарды бөлек жинау бойынша мақсатты көрсеткіштерг ежетуге болады.

Қауіпті қалдықтарды заңды тұлғалардан бөлек жинау және қалпына келтіру

Заңдытұлғалардан шығатын қауіпті коммуналдық қалдықтар олардың қызметтүрін еқарамастан бөлек жинақталып, арнайы кәсіпорындарға қалпына келтіру үшін берілуі тиіс (ЭК РК 365-бабы, 6-тармақ).

Шағын және орта бизнес субъектілерімен ақпараттық жұмыстар жүргізу қажет, олар заң талаптарына сай және

Сенімді кәсіпорындарды қауіпті қалдықтарды жинау және қалпын акелтіру үшін анықтай алуы керек.

Соныменқатар, арнайы кәсіпорындардың жинақталған және қалпына келтірілген қалдықтарды есепке алу әлеуетін нығайту қажет, бұл статистиканы қадағалауға мүмкіндік береді.

Тұрғындардан шыққан көлемд і және құрылысқалдықтарын тасымалдау үшін мамандандырылған компанияны анықтау және арнайы орындарды ұйымдастыру

2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 бұйрық бойынша "Қалдықтарды бөлек жинау талаптары" 19-бабына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) жеке тұлғалардан шыққан құрылыс және көлемді қалдықтарды жинау үшін ауданы кемінде 12 м<sup>2</sup> болатын, жабық және қоршалған арнайы орын ұйымдастыруы қажет.

Жеке және заңды тұлғалар, жылжымайтын мүлікті салу немесе жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын, 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 бұйрықтың 17-бабына сәйкес, құрылыс және көлемді қалдықтарды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған арнайы орындарға өздiгiнен шығарады.

Көлемді қалдықтарды шығару ережелеріне сәйкес, бұл қызмет кәсіпорындар, ұйымдар және жеке тұлғалар арқылы немесе келісім-шарт негізінде қалдық шығаратын кәсіпорындар арқылы жүзеге асырылады.

Көлемді және құрылысқалдықтарын шығару төлемі ТҚҚ жинау, тасымалдау, сұрыптау және орналастыру тарифіне кірмейтіндіктен, көлемді және құрылысқалдықтарын жинау және шығару үшін бөлек компания анықтау қажет.

Тұрғындардан шыққан көлемді және құрылысқалдықтарын тасымалдау бойынша ұйымды анықтау үшін ЖАО жергілікті бюджет есебінен конкурс (тендер) ұйымдастыруы тиіс, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңына сәйкес.

Аудан әкімдігі көлемді және құрылысқалдықтарын шығаратын ұйымды анықтайды. Өзара әрекеттесу шарттары типтік келісімшартқа атехникалық сипаттама арқылы енгізіледі. Шығаратын компания хабарлама тәртібіне сай болуы және ҚР ЭГТРМ реестрінде тіркелуі қажет.

Арнайы ұйымдастырылған жерлерде құрылысқалдықтарын жинау келесі тәсілдердің біреуі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

Ауыстырылатын бункерлерге жинау және мультилифт жүйесі бар автокөліктер арқылы шығару;

Қалдықтарды сөмкелерге ежинап, оларды борттық немесе самосвал автокөлігіне тиеу;

4.3. Қалдықтарды қайта өңдеу және залалсыздандыру жүйесін дамыту шаралары, оның ішінде арнайы қалдықтар (тағамдық, құрылыс және көлемді қалдықтар, ЭЭЖҚ және т.б.)

Қалдықтарды қайта өңдеу және залалсыздандыру жүйесін дамыту үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

тұрғындар мен заңды тұлғалардан әртүрлі категориядағы қалдықтардан екінші реттік шикізатты жинау үлесін арттыру: пластик, қағаз, картон, шыны, құрылысқалдықтары, көлемді қалдықтар, қауіпті іқұрамда сбөліктер;

Жамбыл облысы аумағында қызмет көрсететін қалдықтарды қайта өңдеу мен айналысатын мамандандырылған кәсіпорындармен өзара іс-қимылды күшейту.

Қалдықтарды бөлек жинау жүйесі арқылы екінші реттік шикізатты жинау үлесін арттыруға аарналған іс-шаралар 4.2-тармақта көрсетілген.

Қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттыру үшін:

Қалдықтарды сұрыптау кешенінің жобалық құжаттамасын келісу, құрылысы үшін жер учаскесін бөлу және сұрыптау желісін іске қосу іс-шаралары жеделдетіледі;

Бөлек жиналған фракциялар немесе қалдықтарды өңдеу комплексінде сұрыпталған екінші реттік шикізат өңдеу үшін аймақтағы бар мамандандырылған кәсіпорындарға жіберіледі; қажет болған жағдайда басқа аймақтарға немесе елдерге жөнелтіледі.

Кейіннен алынған шикізатты дайын өнімге дейін қайта өңдеудің мүмкіндіктерін ұйымдастыру және қарастыру ұсынылады. Қазіргі уақытта қайта өңдеуге арналған жабдықтар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінің жеткізушілері тарапынан кең ассортиментте және қолайлы бағамен ұсынылады.

Екіншіреттік шикізат (қағаз, картон, пластик, шыны және т.б.) мамандандырылған кәсіпорындарға беріліп, қайта өңделеді және дайын өнім шығарылады.

Қағаз және картон қалдықтарын қалпына келтіру физикалық, химиялық және басқа да әдістер арқылы жаңа өнімдер (қағаз, картон, эковата, құрылыс материалдары) өндірісі үшін жүзеге асырылады;

Пластик қалдықтарын қалпына келтіру мамандандырылған ұйымдарда экологиялық қауіпсіздік талаптарын асырақ технология және жабдық арқылы жүргізіледі;

Шыны ыдыс қалдықтарын қалпына келтіру қоршаған орта қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады:

Қайтапайдалану үшін шыны ыдыстарды дайындау (сұрыптау, жуу, өңдеу);

Механикалық және термиялық әдістер арқылы жаңа өнімдер өндіру (шыныталшық, шыны ыдыс, шыны мата, плитка және т.б.).

Қауіпті құрамдас бөліктер мамандандырылған қауіпті қалдықтарды өңдейтін кәсіпорындарға жөнелтіледі.

#### Тағамдық қалдықтар

Бөлек жиналған биологиялық ыдырайтын қалдықтар, негізінен тағамдық және органикалық қалдықтар, аэробтық немесе анаэробты қәдіспен қайта өңделуі қажет. Сондай-ақ, бұл қалдықтарды кәріз тазарту станцияларының шламымен бірге өңдеу мүмкіндігі қарастырылады. Қазіргі уақытта органикалық қалдықтарды қайта өңдеудің бірнеше технологиялары бар: биогаз алу, компосттау және т.б.

ТҚҚ табиғи ыдырау әдістерінің бірі – компосттау. Компосттау – қалдықтарды табиғи биоыдырау негізінде өңдеудің технологиясы.

Органикалық қалдықтарды компосттау үй шаруашылықтарында да, орталықтандырылған түрде де жүргізілуі мүмкін.

Үйде компосттау компост шұңқырларында немесе арнайы компосттау құрылғыларында жүзеге асырылады;

Орталықтандырылған компосттауда тұтынушылар органиканы бөлек жинауды қамтамасыз етеді, кейін оны арнайы жабдықталған алаңдарға немесе силос мұнараларына шығарады, мұнда компост құйылады. Дайын компост кейін ауылшаруашылығы қажеттіліктері үшін қолданылады.

Мектептер сияқты ұйымдарда және мекемелерде, егер биологиялық ыдырайтын қалдықтардың көлемі жеткілікті болса және қосалқы шаруашылық болса, компосттау жеке тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

Көлемді және құрылыс қалдықтары

Көлемдіқалдықтарды қабылдау пункттерінде қауіпті фракциялар алдымен бөліп алынып, кейін мамандандырылған ұйымдарға қайта өңдеуге немесе залалсыздандыруға жіберілу іқажет.

Аралас құрылысқалдықтарын қабылдау орындарында сұрыптап, екінш іреттік шикізат пен қауіпті компоненттерді бөлу керек. Бөлек сұрыпталатын қалдықтар мыналарды қамтиды:

ағашматериалдар;

қағаз және картон;

металл (қара және түстіметалдарды бөлек);

минералдық қалдықтар (тастар, құрылыстасы мен кірпіш, сылақ, бетон, гипс, тақтайша шыны және т.б.);

темір-бетон және бетон бөлшектері.

Көлемді құрылысқалдықтарын қайта өңдеу үшін ұсақтау-сұрыптау кешендері қолданылады.

Қауіпті құрылыс қалдықтарына мыналар жатады:

1. асбестті қамтитын қалдықтар – шифер немесе этернит, асбестоцемент тақталар, асбесто цемент құбырлар, оқшаулағыш материалдар жәнет .б.;

2. бояулар, лактар, желімдер, шайырлар қалдықтары, оның ішінде оларды сақтаған бос контейнерлер мен аталмыш заттарға сіңген материалдар;

3. мұнай өнімдерін қамтитын қалдықтар – тол, сіңдірілген оқшаулағыш материалдар, шайырлы асфальт жәнет.б.;

4. ластанған топырақ.

Қауіпті құрылыс қалдықтары бөлек жиналып, кейін мамандандырылған компанияларға қайта өңдеу немесе залалсыздандыру үшін жіберіледі.

Сұрыпталғаннан кейін қайта өңдеуге жарамсыз коммуналдық қалдықтар ТҚҚ полигондарында жерленеді.

4.4. Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз жерлеуді қамтамасыз ету шаралары

Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз жерлеуді қамтамасыз ету үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

рұқсат етілмеген қоқыс полигондарын анықтау және жою.

Сұрыпталғаннан кейін қайта өңдеуге жарамсыз коммуналдық қалдықтар (ТҚҚ) жерленеді.

Қоқыс алаңдарын залалсыздандырудың қазіргі қабылданған әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды:

1. Қоқыс полигонының қауіптілік дәрежесін анықтау;

2. Баламалы шешімдерді бағалау;

3. Залалсыздандыру және рекультивация технологиясын әзірлеу.

Рұқсат етілмеген қоқыс алаңдарын рекультивациялау бойынша техникалық шешімдер жерді рекультивациядан кейінгі функционалдық мақсаты мен пайдаланылуына байланысты қабылданады.

Жаңа қоқыс алаңдарының пайда болуын болдырмауды негізгі шарасы – 2025 жылға дейін аудан халқының 100%-ын қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметімен қамтамасыз ету, сондай-ақ шағын және орта бизнес субъектілерімен қалдықтарды қауіпсіз басқару бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу.

4.5. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша халықты хабардар ету және мүдделі тараптар арасындағы өзара әрекетті күшейту шаралары

Бағдарламаның тиімді іске асуы үшін халықтың хабардар болуы мен қолдауы маңызды. Қоғамдық хабардарлықты арттыру – ұзақ мерзімді процесс, ол тұрақты түрде жүргізілуі қажет.

Жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) халықтың хабардар болуын арттыруда, ақпарат таратуды ұйымдастыруда және қалдықтардың алдын алу бастамаларын қолдауда, сондай-ақ тиісті жағдайларды жасауда (мысалы, ірі көлемді қалдықтар, ЭЭЖҚ, құрылыс қалдықтары үшін арнайы орындар жасау) негізгі рөл атқарады.

Жергілікті газет-журналдарда қалдықтарды басқару мәселелері мен қалдықтармен дұрыс жұмыс істеу талаптары туралы мақалалар жариялау ұсынылады.

ТҚҚ жинау және шығару бойынша мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлері үйде қалдықтарды сұрыптау тәртібін және пластик, шыны, картон және қағаз қалдықтарын бөлек жинауды түсіндіретін экологиялық акцияларды кезеңдік түрде өткізулері ұсынылады. Мұндай акциялар әдетте бөлек жинау контейнерлері орнатылған ауладарда және әлі орнатылмаған жерлерде өткізіледі. Акциялар барысында тұрғындарға аралас қалдықтардың полигонда қоршаған ортаға тигізетін теріс әсері және қалдықтарды бөлек жинау қажеттігі туралы егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Сонымен қатар, халық арасында түрлі-түсті брошюралар тарату арқылы қалдықтарды сұрыптау жүйесін түсіндіру жақсы нәтиже береді.

Ең бірінші назар төмендегі негізгі мүдделі қоғамдық топтарға аударылады:

халық (жұмыс істейтін және жұмыс істемейтіндер – үй шаруасындағы әйелдер, зейнеткерлер, балалар);

мұғалімдер, волонтерлер, белсенді топтар және коммерциялық емес ұйымдар.

Қоғамдық хабардарлықты арттыру бойынша іс-шаралар қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі ақпараттық жоспарға енгізіледі және келесі бағыттарды қамтиды:

Жергілікті газеттерде жарияланымдар;

Мектептерде және халық арасында материалдық ресурстарды қайта пайдалану туралы ақпараттық материалдар тарату;

Үйде тағамдық қалдықтарды компосттау жөнінде брошюралар;

Мектеп оқушылары мен студенттер үшін полигондарға таныстыру экскурсияларын ұйымдастыру.

Қалдықтарды қайта өңдеу ЖАО бизнес бастамаларын бөлек жинау және қайта өңдеу бойынша қолдауы бар жерлерде дамиды. Сонымен қатар, ЖАО, бизнес және басқа мүдделі тараптар арасындағы өзара әрекеттің тиімділігін арттыру үшін түрлі кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізілетін болады. Бұл іс-шаралар қалдықтарды басқару саласындағы ұсыныстарды талқылау, екіншішікізат қабылдау пункттерін және контейнерлерді іорнату мәселелерін қамтиды.

#### 5. Бағдарламаны іске асыруға арналған іс-шаралар жоспары

Мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау үшін Бағдарламаны іске асыруға арналған Іс-шаралар жоспары әзірленген, ол Қосымша 2-де көрсетілген.

Іс-шаралар жоспары міндеттер мен көрсеткіштер бойынша топтастырылған, мерзімдер мен жауапты орындаушылар көрсетілген. Жоспар барлық жауапты орындаушылардың жұмыстарын кешенді түрде үйлестіруге және бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне жетуге мүмкіндік береді.

Іс-шаралар жоспары қажеттілік туындаған жағдайда, мониторинг нәтижелері бойынша негізделген ұсыныстардың болуына байланысты түзетілуі мүмкін. Мониторинг нәтижелері бойынша белгіленген мақсаттарға, міндеттерге және индикаторларға қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, жаңа іс-шаралар анықталып, проблемалық мәселелер бойынша шаралар қабылданады.

Мониторинг нәтижелері бойынша ТҮКШ бөлімі мынадай шешімдер қабылдайды:

1. жоспарланған іс-шараларды тиімді жүзеге асыруды арттыру (жаңа іс-шараларды анықтау) мақсатында Бағдарламаның белгіленген мақсаттары мен міндеттеріне жету;
2. анықталған проблемалық мәселелер бойынша шаралар қабылдау.
3. ТҮКШ бөлімі Бағдарламаның тапсыры сберушісі ретінде келесі функцияларды жүзеге асырады:
  4. Аудан аумағында коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы міндеттерді шешуге біртұтас, орталықтандырылған кешенді тәсілді қалыптастырып, бағдарламаның барлық орындаушыларының әрекеттерін үйлестіру;
  5. Бағдарламаны іске асыруға бюджет қаражаттары бойынша Жамбыл облысының әкімдігімен қаржылық шығындар жөнінде өзара аіс-қимыл жасау;
  6. Бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару субъектілері, мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік объектілер, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке тұлғалармен өзара әрекеттесу;
  7. Бағдарламаны іске асыруды мониторингтеу, мониторинг нәтижелерін Қоғамдық кеңес отырыстарында талқылауға шығару;
  8. іс-шараларды, мақсатты көрсеткіштерді және Бағдарламаны іске асыруға кететін шығындарды түзету, соның ішінде ұсыныстар негізінде қажетті өзгерістер енгізуді қамтамасыз ету;
  9. Бағдарламаны іске асыру барысын тексерулерге қатысу;

10. Бағдарламаны және оның іске асырылу барысы туралы ақпаратты Т. Рыскулов аудан әкімдігінің ресми сайтында жариялау.

Бағдарламаны орындаушылар болып табылады: облыс, қала және аудандар әкімдігі; Мәслихат; коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару, қалпына келтіру және сақтау субъектілері; мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік объектілер, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) және басқа да мүдделі тараптар.

## **6. Бағдарламаны іске асыруды мониторингтеу**

Коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын жүзеге асыруды бақылау ТҮКШ бөлімінің басшылығы арқылы жүргізіледі.

Бағдарламаны мониторингтеу Бағдарламаны іске асыру жөніндегі есептің дайындалуы арқылы жүзеге асырылады. Есепте атқарылған іс-шаралар сипаттамасы, қол жеткізілген нәтижелер, олардың іске асырылуына жұмсалған нақты қаржылық көлемдер, сондай-ақ есепті кезеңде жоспарланған іс-шаралардың орындалмауы немесе нәтижелердің болмауы себептері көрсетіледі.

Бағдарламаны мониторингтеу жыл сайын алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Бағдарлама және оның іске асырылуы туралы есептер қоғамға қолжетімді Интернет-ресурс арқылы жарияланады.

## **7. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР**

Бағдарламаны және іс-шараларды қаржыландыру келесі көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін:

мемлекеттік және жергілікті бюджет,

жеке инвестициялар,

халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаттары,

екінші деңгейлі банктердің несиелері және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер.

Ұсынылған бағдарламаны іске асыруға және жоспарланған табиғатты қорғау іс-шараларын орындауға ақаржылық шығындар Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 29-бабына сәйкес бюджет қаражаттары есебінен жоспарланады. Бұл механизм соңғы үш жылда жергілікті бюджетке түскен қоршаған ортаға теріс әсері үшін алынған төлем сомасынан кем емес көлемде қаражатты пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асыру бойынша ұсынылатын іс-шаралар Жамбыл облысының Акиматы әзірлейтін үшжылдық перспективаға арналған "Қоршаған ортаны қорғау

іс-шаралары жоспарына" енгізілетін болады. Жоспар экологиялық кодекстің 4-ші қосымшасында көрсетілген типтік іс-шаралар тізбесі негізінде әзірленеді, оған мыналар кіреді:

кез келген типтегі қалдықтарды, соның ішінде иесіз қалдықтарды жинау, тасымалдау, залалсыздандыру, пайдалану және қайта өңдеу технологияларын енгізу;

зауыттар, цехтар және өндірістерді салу немесе қайта құру, қондырғыларды сатып алу және пайдалану:

кез-келген типтегі қалдықтарды орналастыру полигоны үшін;

қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, сұрыптау, утилизациялау және жерлеу үшін;

екінші материалдық ресурстарды жинау және қайта өңдеу үшін;

қалдықтардан пайдалы компоненттерді алу немесе шикізат /дайын өнім алу бойынша жұмыстар (бағалы компоненттерді алу, обогатка қалдықтары, қабаттасқан және жабы қжыныстар, күл-шлак, металлургиялы қшлактар, техногендік минералдық қалдықтар);

қалдықтардың көлемін азайтуға бағытталған жабдықты және технологиялық процестерді қайта жаңғырту, модернизациялау.

## **8. КҮТІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР**

Бағдарламаны іске асыру ауданның экологиялық жағдайын жақсартып, ЖАО қызметінің коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мақсаттық көрсеткіштерін арттыруға ықпал етеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізіледі:

коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестендіру;

коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару қызметін 100% қамту;

қалдықтар түзілу көзінде бөлініп жинау жүйесін енгізу;

қалдықтарды сұрыптау қондырғыларын салу;

органикалық, ірік өлемді және құрылыс қалдықтарын қайта өңдеуді дамыту;

тұрғындардың коммуналдық қалдықтармен дұрыс жұмыс істеу жөніндегі хабардарлығын арттыру және мәдени деңгейін көтеру.

Осылайша, Бағдарлама аясындағы іс-шаралар кешенін жүзеге асыру коммуналдық қалдықтарды басқару қызметтерінің сапасын арттырып, ТҚҚ жинау, сұрыптау және қайта өңдеу көлемін көбейтеді, қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға мүмкіндік береді және мақсаттық көрсеткіштердің өсуіне ықпал етеді. Жалпы алғанда, Бағдарлама азаматтардың өмір сүру сапасы мен тұрмыс жағдайларын айтарлықтай жақсартуға септігін тигізеді.

**Коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасының көрсеткіштерін анықтау әдістемесі  
2026-2030 жылдарға арналған**

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Мақсатты көрсеткіштердің қалыптасу мерзімі мен жиілігі	Негіздеме	Есептеу әдістемесінің сипаттамасы
1	Тұрғындарды ТҚҚ жинау және шығарумен қамту	Бағдарламаны бекіткеннен кейін бір жыл өткен соң	Көрсеткіш Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасына сәйкес келеді және коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару қызметтеріне қолжетімді халық үлесін анықтау үшін қажет.	Көрсеткіш ауданға қызмет көрсететін барлық қалдықтарды шығаратын ұйымдармен келісім шарт жасалған тұрғындар санын жалпы халық санына бөліп, нәтижені пайызбен есептейді. Қоғамдық келісім шартқа көшкен жағдайда, көрсеткіш есепшоттар бойынша тіркелген абоненттер санын жалпы халық санына бөліп алынады.
2	Тұрғындарды бөлініп жинау мен қамту: - фракциялар бойынша – қауіпті қалдықтардың жеке түрлері ( медициналы және сынапты, ЭЭЖҚ)	Бағдарламаны бекіткеннен кейін бір жыл өткен соң	Көрсеткіш "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасына сәйкес келеді.	Көрсеткіш құрғақ фракциялардың (пластик, картон және қағаз қалдықтары, шыны, металл банкалар) тоннасын коммуналдық қалдықтардың жалпы көлеміне бөліп, пайызбен көрсетеді. Қауіпті қалдықтар бойынша көрсеткіш қауіпті қалдықтардың (ҚСҚ, ЭЭЖҚ, медициналық) жалпы болжамды көлеміне сәйкес пайызбен есептеледі.
				Көрсеткіш қайта өңделген және қайта

3	ТҚҚ қайта өңделу және жойылу үлесі (шығу көлемінен)	Бағдарламаны бекіткеннен кейін бір жыл өткен соң	Көрсеткіш Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасына және "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасына сәйкес кескеледі.	пайдаланылған қатты тұрмыстық қалдықтардың (оның ішінде еқауіпті қалдықтар, бөлініп жиналған және сұрыпталған қалдықтар, экспортқа жіберілген ресурстар) жалпы қалдық көлеміне пайызбен қатынасы арқылы есептеледі.
4	Тұрғындардың ТҚҚ жинау және шығару мен қанағаттану деңгейі (сұрау)	Бағдарламаны бекіткеннен кейін бір жыл өткен соң	Көрсеткіш Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспарына сәйкес келеді.	Көрсеткіш жыл сайын жүргізілетін әлеуметтік сауалнама (онлайн немесе офлайн) нәтижесі бойынша аудан тұрғындарының ТҚҚ жинау және шығару қызметтеріне қанағаттану деңгейін көрсетеді.

Қосымша 2

### Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шара атауы	Аяқталу формасы	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты	Қаржыландыру көздері
Мақсат – Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және Т. Рысқұлов ауданы тұрғындарына қалдықтарды жинау мен шығарудың сапалы					
Міндет 1. Аудандағы тұрғындардың қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен толық қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін әрі қарай дамыту қызметін қамтамасыз ету					
Көрсеткіш 1. Тұрғындарды ТҚҚ жинау және шығару мен қамту					
1.1	ТҚҚ жинау, шығару, жою, қайта өңдеу және жерлеу қызметтеріне арналған экономикалық негізделген тарифті бекіту	Мәслихат шешімі	2026	Аудан әкімдігі, ҚШҰ, Мәслихат	Қажет емес
	ҚШҰ тұрғындарды тіркеу туралы ақпаратқа,			ІІМ, Әділет министрлігі,	

1.2	жеке деректерд іберместен, қолжетімділік қамтамасыз ету	Ақпарат	2026	Аудан әкімдігі, ҚШҰ	Қажет емес
1.3	ТҚҚ шығару мен байланысты қызметтер бойынша тұрғындармен ашық (публикті) келісімшарттарға көшу	Ақпарат	2026	Аудан әкімдігі, ҚШҰ	Қажет емес
1.4	Контейнер паркінжаңарту, оның ішінде жек есекторға аконтейнерлеро рнату	Есеп беру	жылсайын	Аудан әкімдігі, ҚШҰ	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары аясында
1.5	Контейнер алаңдарын орнату және оларды санитарлық нормалар мен заң талаптарына сәйкестендіру	Есеп беру	жылсайын	Аудан әкімдігі	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары аясында
1.6	Контейнер алаңдарын бейнебақылау камераларымен қосымша ажабдықтау	Есеп беру	2026-2030	Аудан әкімдігі	Жергілікті бюджет
1.7	Контейнер алаңдарының маңайына автокөліктердің тоқтауын және тұруын тыйым салатын арнайы белгілер орнату	Есеп беру	2026	ПД, Аудан әкімдігі	Бюджет қаражаты шегінде
1.8	ТҚҚ уақытылы шығару үшін қоқыстасығыш көліктерді іжаңарту және сатыпалу (2-3 дана)	Есеп беру	2026-2030	ҚШҰ	ҚШҰқаражаты, жеке инвестициялар, мемлекеттік-жеке әріптестік
	Қоқыс тасығыш көліктерді Қазақстан Республикасын				

1.9	ың "Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жағдайы туралы ықлтық деректер банкi" ақпараттық жүйесiне қосылған спутниктік навигация жүйелерiмен жабдықтау және олардың жұмыс күйiн тұрақты ұстау	Есеп беру	2026	ҚШҰ	ҚШҰ қаражаты
1.10	Тұрғынүйлерде немесе жек еғимараттарда ( е г е р контейнерлер болмаса) қызмет көрсететiн ҚШҰ мен ТҚҚ жинау және шығару қызметтер i бойынша келiсiм шарттар жасау туралы заңды тұлғаларға ақпараттық кампания өткiзу	Есеп беру ( заңды тұлғалар мен ЖК-ға жиберiлген хаттар)	2026	Аудан әкiмдiгi, ҚШҰ, ТРБ	Қажет емес
1.11	Қалдыктар саласындағы әкiмшiлiк құқықбұзушылықтардан түскен қаражаттың жергiлiктi бюджетке бағытталуын қамтамасыз ету мақсатынд аномативтiк-құқықтық актiлерге өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу жөнiнде	ҚР Үкiметiне ұсыныстар	2026		Қажет емес

ҚР Үкіметіне ұсыныстар жасау			Аудан әкімдігі, ТРБ	
------------------------------------	--	--	------------------------	--

Міндет 2. Қалдықтарды сұрыптап жинау жүйесін жетілдіру Көрсеткіш 2.  
Сұрыптап жинау мен қамту:

құрғақ және дымқыл фракциялар бойынша;

белгілі бір қауіпті қалдықтар бойынша (медициналық, сынапты және электронды құтұрмыстық техника)

№	Іс-шара атауы	Аяқталу формасы	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты	Қаржыландыру көздері
2.1	Құрғақ ТҚҚ фракциясын сұрыптап жинауға арналған арнайы контейнерлер орнату	Есеп беру	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары аясында
2.2	Қауіпті қалдықтарды: ҚСҚ, электрондық және электрлік құралдарды, сынапты үнемдейтін шамдар мен химиялық батареяларды, аккумуляторларды, медициналық қалдықтарды жинау, тасымалдау және қайта өңдеуді қамтамасыз ету үшін мердігер ұйымды анықтау конкурсын ұйымдастыру	Конкурс нәтижелері, мердігер ұйымдар анықталды	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары аясында
	Қоғамдық орындарда (сауда орталықтары, пошта бөлімшелері, халық қызмет көрсету орталықтары және т.б.)				

2.3	қауіпті тұрмыстық қалдықтарды (батареялар, сынаптышамдар, электрондық және электрлік құралдар, медициналық қалдықтар) қабылдау тұрақты пункттерін ұйымдастыру	Есеп беру, қабылдау пункттері орнатылды	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, мердігер ұйым	Жергілікті бюджет
2.4	Қауіпті коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау және өңдеу қызметтерін көрсететін, заңталаптарына сәйкес келетін мамандандырылған кәсіпорындарды анықтау және мемлекеттік мекемелерге, бюджеттік ұйымдарға, басқару және заңды тұлғаларға қызмет көрсету	Есеп беру	2026	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі	Қажет емес
2.5	Әлеуметтік сала мекемелері (мектептер, балабақшалар, жоғары оқу орындары), кәсіпорындар, шағын және орта бизнес субъектілерімен сұрыптап жинауды (пластик, қағаз-қатырма, шыны және т.б.) енгізу қажеттілігі	Есеп беру	2026-2030		Қажет емес

	бойынша алдын алу жұмыстары жүргізу			Ауданәкімдігі, ЖКХ бөлімі	
2.6	"Қажетсіз заттар арылығыз" атты ескі электрондық және электрлік жабдықтардан арылу бойынша жарты жыл сайын тұрақты акция өткізу	Акциялар туралы есеп	2026-2030	Ауданәкімдігі, ЖКХ бөлімі, мамандандырылған кәсіпорындар	Қажет емес

Міндет 3. Қалдықтарды, соның ішінде ерекше қалдықтарды (тамақ, құрылыс және ірі көлемді қалдықтар, ЭЭЖҚ және т.б.) қайта өңдеу және жою жүйесін дамыту  
Көрсеткіш 3. Қалдықтарды қайта өңдеу және жою үлесі (қалыптасқан көлемнен)

№	Іс-шара атауы	Аяқталу формасы	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты	Қаржыландыру көздері
3.1	Қалдықтарды сорттау орталығын салу және іске қосу	Қабылдау актісі	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары аясында
3.2	Тұрғындардан ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинауға арналған арнайы орындарды анықтау	Ақпарат	2026	Ауданәкімдігі, ЖКХ бөлімі	Қажет емес
3.3	Ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинау және шығару бойынша мердігер ұйымды анықтау конкурсын ұйымдастыру	Конкурс нәтижелері	2026	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, мердігер ұйым	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары аясында
3.4	Ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын қайта өңдеудің қолданыстағы технологияларын талдау	Есеп беру	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, мердігер ұйым	Қажет емес

3.5	Әлеуметтік сала мекемелері ( мектептер, балабақшалар, жоғары оқу орындары), шағын және орта бизнес субъектілерінен сынапты қалдықтарды жинау және бейтараптау	Қабылданған келісім шартта туралы ақпарат	2026-2030	Конкурс нәтижелері бойынша таңдалған мердігер ұйым	Қажет емес
3.6	Әлеуметтік сала мекемелері ( мектептер, балабақшалар, жоғары оқу орындары), шағын және орта бизнес субъектілерінен электрондық жән еэлектрлік жабдықтарды жинау және бейтараптау	Қабылданған келісім шарттар туралы ақпарат	2026-2030	Мердіге рұйым	Қажет емес
3.7	Қалдықтарды жинау және өңдеу бойынша мамандандырылған кәсіпорындармен статистикалық және ведомстволық есептілік жүргізу туралы алдын алу жұмыстары	Есеп беру	2026	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі	Қажет емес

Міндет 4. Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз жерлеуді қамтамасыз ету Көрсеткіш

#### 4. Қалдықтарды экологиялық талаптарға сай жабу және полигонды рекультивациялау

№	Іс-шара атауы	Аяқталу формасы	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты	Қаржыландыру көздері
4.1	Полигонда қабылдау мен сұрыптауды қамтитын сұрыптау желілері ніске қосу	Есеп беру	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, полигон операторы	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортанықорғау іс-шаралары жоспары, жеке инвестициялар

4.2	Қалдықтарды олардың классификациясынан егізделген полигонға ақабылдау бойынша бірыңғай процедура әзірлеу	Бірыңғай процедура	–	Полигон операторы	Қажет емес
4.3	Полигондағы қорықтардың меншіктерінің шығарылуын мониторингтеу	Есептер	2026-2030	Полигон операторы	Полигонның ликвидациялық қоры
4.4	Полигонның ликвидациялық қорын құру	Есеп беру	2026-2030	Полигон операторы	Қажет емес
4.5	Рұқсатсыз қорық полигонын (стихиялық қорық төгетін орындарды) анықтау және жою	Есептер	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары, жеке инвестициялар

Міндет 5. Халықтың коммуналдық қалдықтарды басқару мәселелері бойынша ақпараттылығы мен мәдениетін арттыру және барлық мүдделі тараптардың өзара әрекетін күшейту Көрсеткіш 5. Халықтың экологиялық тұрмыс сапасына қанағаттану деңгейі

№	Іс-шара атауы	Аяқталу формасы	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты	Қаржыландыру көздері
5.1	Қоғам назарын ТҚҚ мәселесіне аудару мақсатында әлеуметтік жарнама жасау, орналастыру және тарату	Есептер	2026-2030	УПР, Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Жергілікті бюджет
5.2	Халықты қалдықтарды қабылдайтын пункттер (пластик, қағаз-қатырма, шыны) туралы хабардар ету	Есептер	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Қажет емес
	Халықты қауіпті коммуналдық				

5.3	қалдықтар (ҚСҚ, ЭЭЖҚ, медициналық) туралы хабардар ету және олармен қауіпсіз жұмыс істеу бойынша ақпарат тарату (әлеуметтік желілер, әкімдік сайты, навигациялық жүйелер арқылы)	Есептер	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Қажет емес
5.4	Қауіпті коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз басқару тәсілдері туралы жергілікті газеттерде жарияланымдар	Ақпарат	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ	Жергілікті бюджет
5.5	Халықты ірі көлемді және құрылысқалдықтарын жинауға арналған арнайы орындар туралы хабардар ету	Ақпарат	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ	Қажет емес
5.6	Мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында материалдық ресурстарды қайтапайдалану туралы ақпараттық материалдар дайындау және тарату	Есеп беру	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Жергілікті бюджет
5.7	Тамақ қалдықтарын компосттауға арналған брошюраларды тарату	Есеп беру	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Жергілікті бюджет
	Білім беру ұйымдарында ТҚҚ-мен жұмыс істеу бойынша ақпараттық				

5.8	жұмыс жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру (оқушылар, педагогтер, техникалық қызметкерлер арасында жүйелі жұмыс)	Жоспардың әзірленуі және орындалу туралы есептер	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Қажет емес
5.9	Мектеп оқушылары мен студенттерг еарналған ТҚҚ полигоны мен МСК-ғатанысты р у ш ы экскурсиялар (жылына кемінде 10 экскурсия)	Есеп, визиттер	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Жергілікті бюджет, Қоршаған ортанықорғау іс-шаралары жоспары
5.10	Мектептерде экологиялық акциялар өткізу, үй жағдайында қалдықтарды сұрыптау және пластик, шыны, макулатура контейнерлеріне бөлек жинау тәртібін түсіндіру	Есеп, акциялар	2026-2030	Аудан әкімдігі, ЖКХ бөлімі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Жергілікті бюджет, ҚШҰ қаржылары
5.11	Халықтың экологиялық тұрмыс сапасына қанағаттану деңгейін бағалау мақсатында жыл с а й ы н әлеуметтік сауалнам аөткізу	Есеп, сауалнама	2026-2030	Аудан әкімдігі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Қажет емес
5.12	Мектептерде қалдықтар мен жұмыс істеу іс-әрекетін насихаттау және қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мақсатында волонтерлік клубтар құру	Есеп беру	2026-2030	Аудан әкімдігі, ҚШҰ, ҮЕҰ	Қажет емес

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК